

## Трансформаторлық жабдықтардың кейбір түрлері бойынша анықтауды бастау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 тамыздағы N 1225 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.**

"Тауар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Z980337\_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті ТМД СЭҚ ТН 853720910 ішіндегі қуаты 1,25 кВт-дан 630 кВт-ға дейін КТП үлгісіндегі жиынтықты трансформаторлық кіші станциялар және УКЗВ, УКЗН, ПТА, ТДК үлгісіндегі мұнай-газ құбырларының катодтық қорғау станцияларына қатысты немесе тікелей бәсекелес тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импорты кезінде отандық өндірушілерге келтірілетін немесе келтірілуі мүмкін елеулі зиян мөлшерін анықтау үшін анықтауды бастасын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі анықтау рәсімі аяқталғанға дейін заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген тауарлар импортын лицензиялауды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп бір айлық мерзімде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетіне, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғызстан Республикасының, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасының Интеграциялық комитетіне және Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы Орталық Азия Мемлекетаралық Экономикалық Қоғамдастығының Атқару Комитетіне осы қаулының 1 тармағында көрсетілген тауарларға қатысты анықтауды бастау шешімі туралы хабарласын.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК